

№ 1 Аралық бақылау

ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ.

Төмендегі тіл қолданушы диалогты тыңдап, диалогта берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мынау «Егемен Қазақстанның» жаңа саны ма? Қандай жаңалықтар бар екен?
- 26 тамызда шыққан. Алматыда КСРО халық әртісі, Халық Қаһарманы Роза Бағланованы мәңгі есте қалдыру үшін өзі тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта қойылыпты.
- Ашылу салтанаты болып па?
- Иә, ашылуында Алматы қалалық тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы кіріспе сөз сөйлеген. Одан кейін Алматы қаласы әкімінің орынбасары сөйлепті.
- Әріптестерден кімдер болды екен?
- Алтынбек Қоразбаев, Сара Тыныштығұлова, Мақпал Жүнісова секілді өнер қайраткерлері өз пікірлерімен бөлісті. Атақты әншінің туған туыстары осы шараны ұйымдастырушылар мен қолдау көрсетуші азаматтарға жүрекжарды тілектерін жеткізді.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)

1. Негізгі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) «Егемен Қазақстанның» жаңа саны;
- B) Басқарма басшысы;
- C) Роза Бағланова үйінің қабырғасына тақта орнату;
- D) Мақпал Жүнісова

2. Сөйлемді толықтырыңыз.

..... салтанаты болып па?

- A) үлкен
- B) ашылу
- C) марапаттау
- D) ашылған

3. Қате ақпаратты табыңыз.

- A) «Егемен Қазақстанның» жаңа саны 26 тамызда шыққан.
- B) Қала әкімі басқарма басшысынан кейін сөйледі.
- C) Алтынбек Қоразбаевтың концерті өтті.
- D) Ескерткіш тақта қойылды.

4. Дұрыс жауапты табыңыз.

Ескерткіш тақта орнатылды.

- A) Астана қаласында.
- B) Қазақстанда.
- C) Мәдениет сарайында.
- D) Алматыда.

5. Мәгінде жауабы бар сұрақты көрсетіңіз.

- A) Неше ескерткіш тақта қойылды?
- B) Қала әкімінен кейін кім сөйледі.?
- C) Мақпал Жүнісованың концерті қашан болады?
- D) «Егемен Қазақстанның» жаңа саны қашан шыққан?

6. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Халық Қаһарманы.....

- A) Сара Тыныштығұлова
- B) қала әкімі
- C) Роза Бағланова
- D) журналист

7. Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Олар жаңалықты теледидардан естіді.
- B) Алматы қаласында Р.Бағланованың атына көше берілді.
- C) Республика сарайында Р.Бағланованың атына көше берілді.
- D) Р.Бағланова тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта қойылды.

8. Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Халық Р.Бағланованың өнерін бағалайды.
- B) Халық Р.Бағланованы мәңгі есте сақтайды.
- C) Р.Бағланова өмірден халықтың құрметіне бөленіп өтті.
- D) Р.Бағланова өмірден озған соң ғана құрметке ие болды.

8. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ескерткіш тақтаның ашылуына қатысты.

- A) өнер қайраткерлері.
- B) Алматы қаласының әкімі
- C) «Егемен Қазақстан» газетінің ұжымы
- D) Алматы қалалық Мәдениет басқармасының басшысы.

9. Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Р. Бағланова тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта қойылды.
- B) Халық Р.Бағланованы мәңгі есте сақтайды.
- C) Р.Бағланова туыстары ескерткіш тақтаның ашылуына қатса алмады.
- D) Өнер қайраткерлері өз пікірлерімен бөлісті.

II. ЛЕКСИКА – ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК

1. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңыз:

Үйшілер талды ... бойынан алады.

- A) өзендер
- B) көлдер
- C) теңіздер
- D) бұлақтар

2. Дұрыс құрылмаған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Асадалға ыдыс-аяқ пен тамақтарды қояды.
- B) Асадал ыдыс-аяқ пен тамақтарды қояды.
- C) Мынау – жүк аяқ, мынау сандық, мынау – ағаш төсек.
- D) Киіз үй негізгі төрт бөлшектен құралады.

3. Берілген сөйлемнен көнерген сөзді көрсетіңіз.

- A) Киіз үй негізгі төрт бөлшектен құралады.
- B) Бұлардың бәрі талдан, қайыңнан, теректен жасалады.
- C) - Жоқ, ол шкаф емес, қазақша атауы – асадал.
- D) Ол кереге, уық, шаңырақ, есік.

4. Қандай сөйлем: *Жасай бер, жаса мәңгі, Қазақстаным.*

- A) сұраулы
- B) хабарлы
- C) лепті
- D) бұйрықты

5. Туынды сөздерді көрсетіңіз.

- A) Ел, халық, тіл, мүдде

- В) Қазақстан, мемлекеттік, мәртебелі, мұнайлы
- С) Кереге, уық, шаңырақ, есік
- Д) Ұлт, мұнай, мәртебе, мемлекеттік

6. Көп нүктенің орнына тиісті шылауды қойыңыз.

Киіз үйдің ағаш бөлшектерін жасау үйшілер мор, тез, үскі деген ұлттық құрал – саймандарды пайдаланған.

- А) және
- В) менен
- С) үшін
- Д) де

7. Хабарлы сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Олар киіз үйдегі жайнап тұрған жиһаздарды көріп таңғалды.
- В) Қыздар, сендер осы көріп отырған заттардың аттарын білесіңдер ме?
- С) Еліміздің көк байрағын желбірете жоғары ұстайық.
- Д) Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі әрқашан жоғары болсын.

8. Сөздердің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- А) уық – купольные жерди
- В) уық – палка для купол
- С) уық – круглые отверстие на вершине купола
- Д) уық – деревянная дверь

9. Буынға дұрыс бөлінген сөзді көрсетіңіз.

- А) құр-ы-лым
- В) құ-ры-лы-м.
- С) құр-ыл-ым
- Д) құ – ры - лым

10. Суретте не бейнеленген?



- А) Киіз үйлер
- В) Шатырлы үйлер
- С) Бір қабатты үйлер
- Д) Көп қатарлы үйлер

11. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз

...телеарна қазақстандық компаниялар туралы репортаждар көрсетті.

- А) Әрине
- В) Бірдеме
- С) Бірнеше
- Д) Әлдеқалай

12. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз

Шәкірт... ұстаз – тұл.

- А) –ті
- В) –сіз
- С) –шіл
- Д) –тей

13. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз

... адам егін алмайды.

- А) Алыс

- В) Білімді
- С) Еріншек
- Д) Қызықты

14. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

...кейбір суда мекендейтін жануарлардан алады.

- А) Дәрілікке
- В) Сабынын
- С) Иіссуды
- Д) Уылдырығы

15. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Ол олимпиада жеңімпаздарын... келді.

- А) иелену үшін
- В) марапаттауға
- С) құттықтайды
- Д) шұғылданудың

16. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Дәрігердің қабылдауына ... кірді.

- А) алтыншы
- В) бір-бірден
- С) мыңдаған
- Д) сексен төрт

17. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Мамандардың ... бірнеше жоғары білім бар.

- А) екеуі
- В) бесеуіне
- С) жетеуінен
- Д) алтауында

18. Сөйлемді толықтырыңыз.

Осы жарыста еліміздің намысын қорғайтын – сен ...

- А) үшеу
- В) бесеуі
- С) екеуің
- Д) төртеуіміз

19. Көп нүктенің орнына тиісті сан атауын қойыңыз.

Құрал-жабдықтарды әр бөлімге ... береміз.

- А) он-оннан
- В) отызыншы
- С) тоқсан бір
- Д) бес жарым

20. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Шетелге іс сапар алдында ... келіссөз жүргізуіміз қажет.

- А) таныстарының
- В) әріптестерінен
- С) серіктестермен
- Д) жолдастарында

21. Сұрақты толықтырыңыз.

Алтын медаль иеленген спортшы қай ...

- А) елдікі
- В) отандас
- С) одақтық
- Д) мемлекеттің

22. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қаланың ... бірнеше елшілік орналасқан.

- A) ішінде
- B) сыртына
- C) жанынан
- D) қасының

23.«-ыс» қосымшасы жалғанатын сөзді көрсетіңіз.

- A) жең
- B) айт
- C) күл
- D) біл

24.Сөйлемді аяқтаңыз.

Ол кезде емтиханды комиссия ...

- A) тексердік
- B) өткізіп жүр
- C) таныстырды
- D) қабылдайтын

25.Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Дағдарыстан ... экономикамызды арттыруға тырысамыз.

- A) кейін
- B) үшін
- C) шейін
- D) жайлы

26.Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Күн ... жұмыстың есебін талап етеді.

- A) сайын
- B) таман
- C) бұрын
- D) арқылы

27. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Менеджер шетелдік қонақтармен ... көрмеге кетті.

- A) жуық
- B) бірге
- C) қарай
- D) қабат

28. Қажетті сөзді белгілеңіз.

Баспасөз конференциясына тек студенттер ... келді.

- A) ғана
- B) қана
- C) ғой
- D) қой

29. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Жақсы қаламсаппен 50 мың сөзге ... жазуға болады екен.

- A) әрі
- B) дейін
- C) туралы
- D) жөнінде

30. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Әлемдегі ең қысқа сөзді тіл – жапон тілі, ... ең ұзын сөзі 12 әріптен тұрады.

- A) әлде
- B) немесе
- C) әйтпесе

Д) өйткені

III. ОҚЫЛЫМ.

Мәтін.

Досым Балнұрдың отбасы шағын. Оның отбасында төрт адам бар. Олар: жолдасы, ұлы, қызы және өзі. Жолдасы Ермек – суретші. Өзі – қаржылық бақылау басқармасының бас маманы болып жұмыс істейді. Ұлы Әлішер – бастауыш сынып оқушысы. Ол сабағын жақсы оқиды. Әлішер мектепке өзі барады. Қызы Нағима балабақшаға барады. Олар Алматы қаласында тұрады. Балнұр мен Ермек мемлекеттік қызметші болғандықтан, жақында мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бойынша пәтер алды.

Балнұрдың отбасы өте тату тұрады. Өйткені жақын туыс адамдар сыйлас болады. Жолдасы мен өзінің жалақылары жақсы, жалақыларын уақытылы алады. Олар отбасында күнделікті шығын мен жылдық шығынды үнемі есептеп отырады. Алматы қаласында пәтер ақы төлемі қымбат. Балнұр мен Ермек ақшаны есеппен жаратып, тиімді жұмсайды.

Ермектің ата-анасы Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат ауданында тұрады. Атасы мен әжесі үнемі қаладағы немерелерін сағынып жүреді. Немерелері де ата - әжесін қатты сағынады.

Балнұрдың отбасы өте қонақжай. Олар өткен сенбі күні қоныстой жасады. Тойға бүкіл туған-туыстары мен дос-жарандары, әріптестері келді. Үй иелері келген қонақтарды төрге шығарып, сый – құрмет көрсетті.

Балнұрдың отбасы – үлгілі, қонақжай отбасылардың бірі.

1. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- А) Жолдасы Ермек аулына қашан барды?
- В) Менің досымның отбасында қанша адам бар?
- С) Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы қашан пайда болды?
- Д) Алматы қаласының тұрғындары күнделікті шығын мөлшері қандай?

2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- А) Ата – әжесі қоныстойға шақырды
- В) Досым Шығыс Қазақстан облысында тұрады.
- С) Досымның жолдасы басқарманың бас маманы
- Д) Досымның бір ұл, бір қызы бар, олар мектепте оқиды.

3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- А) отбасы, қонақ, туыс, ауыл, қуырдақ
- В) отбасы, қонақ, уақыт, қызмет, әріптес
- С) отбасы, қызмет, ата – ана, қоныстой, қонақ
- Д) сыйластық, қымыз, отбасы, қонақ, қызмет

4. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- А) Үлгілі қазақ отбасы туралы ақпарат берілді.
- В) Қазақ халқының қонақжайлылығы сипатталады.
- С) Үлкеге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелейді.
- Д) Қазақ халқының ұлттық тағамдары мен дәстүрлі сусындары туралы

5. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты таңдаңыз.

- А) Ақсуат ауданында ата-аналары тұрады.

- В) Досымның бір ұлы, бір қызы бар.
- С) Досымның отбасы шағын болса да, үлгілі, қонақжай.
- Д) Мемлекеттік қызметшілер жалақыларын уақытылы алады.

6. Мәтін бойынша сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- А) Досымның бір ұлы, бір қызы бар.
- В) Досымның қызы балабақшаға барады.
- С) Ақсуат ауданында ата-аналары үй салды.
- Д) Балнұрдың жолдасы – суретші.

7. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- А) Досымның пәтерінде неше бөлме бар?
- В) Досымның қызы қай мектепке барады?
- С) Ермектің жасы нешеде?
- Д) Ақсуат ауданында кімдер тұрады?

8. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- А) Үлгілі қазақ отбасы туралы ақпарат беріледі.
- В) Қазақ халқының қонақжайлылығы сипатталады.
- С) Үлкенге қызмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу жолдары.
- Д) Қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы.

9 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Олар өткен сенбі күні жасады.

- А) жиналыс
- В) бесік той
- С) қоныстой
- Д) үйлену той

10. Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- А) Қоныстой иелері.
- В) Ұлттық тағамдар.
- С) Досымның отбасы.
- Д) Мемлекеттік қызметшілер.